

Ел жүрегі – елорда шежіресі

АСТАНА АҚШШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1998-2018

2003

ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚАЛА ЕҢСЕСІН ЖАЗДЫ



ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ

Астанадағы «Интерконтиненталь» мейманханасында «Шежіре» сурет галереясының ұйымдастыруымен Өмірзақ Рыстанұлы отбасының, – жұбайы Қалымханның, қыздары Айнуір мен Гүлназдың туындылары қойылған көрме ашылды. Оған Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің төрайымы Алтыншаш Жағанова қатысып, өнер иелері аттарына жылы лебіз білдірді.


Көрмеге қойылған шығармалардың дені кестеленген қазақтың ою-өрнектерінен құралады. «Мен халқымыздың ұлттық ою-өрнектерін, нақыш-бояуларын қазіргі заманғы жаңа стильдік болмысқа лайықтап, суретке айналдырамын. Мұны өнер зерттеушілері «қазақтың жаңа бағыттағы өнері» деп бағалайды», – дейді Өмірзақ Рыстанұлы. Оның «Бүркіт», «Күш», «Құрылым» сынды жұмыстары халықтың салт-дәстүрлері жайынан сыр шерте, жұбайы Қалымханның қолынан шыққан «Шанырақ», «Көне», «Сары дала» тәрізді туындылар қазақ тұрмысының ерекшеліктерін бейнелейді. Олардың қыздары – Айнуір мен Гүлназ да ата-ананың жолын қуып, осы үрдісті дамытып келеді екен. Рыстанұлы әулеті 90-шы жылдардың басында Моңғолия елінен қоныс аударып келіпті.

АЛМАТЫ – АСТАНА АВТОЖОЛЫ толық аяқталып, пайдалануға берілді

Қазанның 13-і күні ұзындығы 1225 шақырымды құрайтын Алматы – Астана автожолы салтанатты жағдайда ашылды. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы өзінің сөзінде осындай жолдар арқылы Еуропа пен Азия арасында жүк тасымалдауды қолға алып, қаржы табуымыз керек деді. Ұлан жолдың бойында жолаушыларға қызмет көрсететін қонақ үйлер, асханалар мен жанар-жағар май стансалары салынып, жаңа жұмыс орындары ашылды. Ең бастысы, онтүстік мегаполис пен елорда арасына қатынайтын халыққа жақсы жағдай туғызады.

Елбасы сөзінің соңында көпшілікті асыға күткен Алматы – Астана автотрассасы қатарға қосылуымен құттықтап, жол салуға қатысқан отандық және шетелдік құрылыс компанияларына, сондай-ақ осы құрылысты жүргізген жұмысшыларға алғыс айтты. Жолды салуға негізінен шетелдік компаниялардың инвестициялары жаратылған. Ал жобаларды шетелдік компаниялармен бірге, «Қазақстан жолдары», «Жезқазған жолдары», «Теміржол-құрылыс» секілді отандық акционерлік компаниялар мен серіктестіктер жүзеге асырған. Жол салу барысында оның 934 шақырымы жаңартылып, табына 2,5 млн тонна асфальт-бетон қоспасы төселген. Оған жалпы көлемі 238 млн АҚШ доллары мөлшерлес қаржы жұмсалған. Құрылыс жұмыстары, әсіресе, биыл қарқынды жүргізілген.



ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛУГЕ ҚАТТЫ ҚЫЗЫҒАДЫ

«Астана ақшамы» газетінің тілшісіне берген сұхбатында Украин мәдени-ұлттық орталығының жетекшісі, қалалық тіл саясаты жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі, философия ғылымдарының кандидаты Тарас Чернега осылай деді.

Тілшінің: «Мемлекеттік тілде сөз саптасыңызға қарап, сізді қазақ ауылда туып-өскен бе деп қаламыз» деген жетектеуші сөзіне жауап қайтарған Тарас Андреевич: «Туған жерім – Целиноград облысының Астрахан ауылы. Мен тұрған жерде орыстар да, қазақтар да, татарлар да аз болған жоқ. Қазақ тіліне қызығушылығым сол бала кезімнен басталды. С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтына түскенде, курстарымның көбі қазақ жігіттері болды. Біз бір жазда Қорғалжын ауданының Амангелді совхозында үш ай құрылыста жұмыс істедік. Ауыл тұрғындары қазақтар еді, солармен сөйлесіп жүріп, қазақшамды біраз жетілдіріп алдым. Қазір мемлекеттік тілдің болашағы зор. Біздің бәріміз соны білуіміз керек», – деді.

13 ҚАҢТАР – Елордадағы «әл-Фараби» шағын ауданында бес қабатты 40 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның құрылысын «Связьстройкомплекс» ААҚ алты айдың ішінде аяқтап шықты.

24 ҚАҢТАР – «ЦентрКредит-Банк» қазіргі заманғы талапқа сай келетін жаңа ғимаратқа көшті. Ол сонымен бірге еліміздегі ірі банктердің алғашқы бесігіне енді.

14 АҚПАН – Орталық базарға таяу маңда, Бөгенбай батыр даңғылының оң қапталынан «Дихан» атты көкөніс базары есігін айқара ашты. Онда 150 сауда орны бар.

3 НАУРЫЗ – Конгресс-холда «Астана көктемі – 2003» көрме-жәрмеңкесі қанат жайды. Ол қалалық сауда басқармасының ұйымдастыруымен тұңғыш рет өткізілді.

12 НАУРЫЗ – «Алатау» спорт сарайында IV «Промстройиндустрия – Астана-2003» көрмесі болды. Оған Қазақстан мен Орталық Азияның, сондай-ақ, ТМД елдерінің өкілдері мен іскер азаматтары қатысты.

26 НАУРЫЗ – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Наурыз мерекесіне арналған айтыс мәресіне жетті. Үш күндік сайысқа Қазақстаннан бөлек, Қытай мен Моңғолиядан жыр жамтоздары атсалысты. Бас жүлдені Мәліс Қосымбаев жеңіп алды.

9 СӘУІР – Еуразия ұлттық университетінің жаңа оқу-лабораториялық ғимараты қатарға қосылды. Осыған арналған жыныға Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, жаңа корпус-тың тұсауын кесті.

14 СӘУІР – Конгресс-холда үш күнге созылған ХІІ республикалық «Жас қанат» байқауы аяқталды. Бұл жолғы өнер сайысында еліміздің әр түрлі аудандарынан 130 талапкер бақтарын сынасты.

17 СӘУІР – Астана қаласының әкімі Әділбек Жақсыбеков Ресейдің Қазақстандағы жылы аясында Томск облысының губернаторы Виктор Кресс бастаған делегацияны қабылдады. Басқосуда екі ел арасындағы достық қарым-қатынас пен іскерлік байланысты одан әрі дамыту жайы сөз болды.

12 МАМЫР – Алматы – Астана – Мәскеу – Санкт-Петербург марафонына қатысушылар елордаға келіп тоқтады. Ол Ресейдің Қазақстандағы жылы шеңберінде Санкт-Петербург қаласының 300 жылдығына арналып өтті.

27 МАМЫР – АҚШ-тың «Ривенделл» кварталі Президент мәдениет орталығында концерт қойды. Бұл екі ел арасындағы мәдени байланыс негізінде жүзеге асты. Бұдан бір ай бұрын Қазақ ұлттық музыка академиясының шекті аспапты кварталі Нью-Йорктегі Карнеги-холл концерт залында өнер көрсетіп қайтқан еді.

6 МАУСЫМ – Астана әкімдігі мен қалалық мәслихаты депутаттары елордада «Бәйтерек» атты үшінші аудан құру жөнінде шешім қабылдап, оны Үкіметтің қарауына ұсынды. Аудан құрылар кезде оның атауы «Есіл» болып өзгертілді.

«ҚАЗАҚСТАН – КАМАЗ» БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ бір жылда 1200 көлік шығаратын болады

Соңғы жылдары Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы экономикалық байланыс кеңінен дамып келеді. 2003 жылдың 20 наурызы күні өткен Үкіметаралық 7-ші келісім кезінде Қазақстан мен Ресей арасында автомобиль консорциумын құру жөнінде шешім қабылданған еді. Осыған орай Астанада 1 шілде күні «Қазақстан – КамАЗ» автомобиль консорциумының ашылу салтанаты болып өтті.



2003

9 МАУСЫМ – Ресей жылы бағдарламасы бойынша Пенза облысының өкілдері Астанада үш күн бойы өз жетістіктері мен мүмкіндіктерін көрсетті.

16 МАУСЫМ – Президент Нұрсұлтан Назарбаев елорда активіне Астана қаласының жаңа әкімін тағайындады. Бұл қызметке бұған дейін Президенттің іс басқарушысы болған Темірхан Досмұхамбетов келді. Ал қаланың бұрынғы әкімі Әділбек Жақсыбеков Индустрия және сауда министрі болып тағайындалды.

20 МАУСЫМ – Биыл Астана мектептерін 3 283 түлек бітірді. Олардың 17-сі «Алтын белгі» иегері атанса, 189-ы ерекше үлгідегі аттестатқа ие болды.

7 ШІЛДЕ – Елордада Қазақ гуманитарлық заң университеті оқу корпустарының алғашқы кірпішін қалау рәсімі жасалды. Білім және ғылым министрі Жақсыбек Күлеев пен университет ректоры Мақсұт Нәрікбаев жаңа қалашықтың қазіргі заман талабына сай соңғы үлгідегі сәулет өнерінің жетістіктері негізінде салынатынын айтты.

21 ШІЛДЕ – Есіл жағалауында, ашық аспан астында V халықаралық авторлық әндердің «Бард» фестивалі жалғу көтерді. Ол үш күн бойы осы маңайды әнге бөлді.

1 ҚЫРКҮЙЕК – Ел Байтағи-нің Кокшетау кентінде 850 орындық жаңа мектеп үйінің ашылу салтанаты өтті. Оған білім және ғылым министрі Жақсыбек Күлеев пен Астана қаласының әкімі Темірхан Досмұхамбетов қатысты.

13 ҚЫРКҮЙЕК – Астана теміржол вокзалынан Астана – Алматы бағытындағы «Тұлпар» жолаушылар жүрдік пойызы алғашқы сапарына шықты. Ол екі қаланың арасын 13 сағатта жүріп өтеді. Салтанатты тусу-кесерге Елбасы қатысып, жаңа пойыз бен оның жолаушыларына ақ жол тіледі.

14 ҚЫРКҮЙЕК – М.Горький атындағы орыс драма театрында Қазақстан халықтары тілдері фестивалі керуен керді. Мұндай форум елордада осымен бесінші мәрте өтіп отыр.

24 ҚЫРКҮЙЕК – Астанада үш күн мерзімге созылған әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндер съезі жұмысын қорытындылады.

22 ҚАЗАН – Есілдің сол жағалауында бой көтерген «Транс Тауэр» компаниясының 34 қабаттық офисі пайдалануға берілді. Оны Нұрсұлтан Назарбаев салтанатты жағдайда ашты.

3 ҚАРАША – Конгресс-холда VI халықаралық «Шабиг» фестивалі жұмысын бастады. Өнер көгінде құлаштарын енді кең сермей бастаған жас таланттардың ән мен күй мерекесі іспеттес бұл форум бір апта бойы жүрді.

13 ЖЕЛТОҚСАН – Қазақстан журналистері конгресі атқарушы комитетінің екі күндік мәжілісі болып өтті. Оған конгресс төрайымы Дарига Назарбаева басшылық жасады. Форумда республикадағы бұқаралық ақпарат құралдары алдында тұрған келеді міндеттер талқыланды.